

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ-ның Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға «Almaty TV» телеарнасында эфир уақытын беруінің жалпы шарттары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №4 Жарлығына сәйкес, 2023 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына сайлау тағайындалды. «Almaty «Телерадиокомпаниясы» АҚ – «Almaty TV» телеарнасының (бұдан әрі-Телеарна) меншік иесі 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалған сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына тіркелген кандидаттарды (бұдан әрі-Кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін телеарнаның эфир уақытын беру шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабардар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша 00:00 сағатта аяқталады, осылайша үгіт материалдарын орналастыруға жазбаша өтініштерді қабылдау тіркелген кандидаттардан 2022 жылғы 24 желтоқсан сағат 18:00-ден бастап 2023 жылғы 12 қаңтар сағат 18:00-ге дейін Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 88а үй, 211-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Қабылдау уақыты күн сайын сағат 09: 00-ден 18: 00-ге дейін. Тіркелген кандидаттардан үгіт өтініштер факсимильді және интернет-байланыс арқылы материалдарын орналастыру туралы қабылданбайды.

Өтініш кезекті тәртібімен кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында әрбір жазбаша өтінішке реттік нөмірі мен келіп түскен күнін жазу арқылы тіркеледі.

Телеарна эфир уақытын телеарнаның меншік иесі мен Кандидат арасында немесе Кандидаттың уәкілетті өкілі арасында жасалған жазбаша келісім шарт негізінде және телеарна бекіткен монтаж кестесіне сәйкес ұсынады.

Үгіт материалдарының саны, хронометражы, эфирде орналастырудың болжамды күні мен уақыты кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде, содан кейін келісім шартта көрсетіледі.

Эфир уақытын беру туралы келісім шарт жасасу үшін кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің телеарна меншік иесі басшысының атына жазған өтініші негіз болады.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) Кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) үгіт материалдарының түрі, саны, хронометражы, эфирде орналастырудың болжамды күні мен уақыты;
- 5) үгіт материалдарының мәтінін қағаз бетінде және электронды жеткізгіштерде тарқатып жазу.

Телеарнада эфир уақытын беру төмендегі үгіт материалдарын орналастыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнероликтер;
- 2) арнайы репортаждар;
- 3) динамикалық баннерлер түріндегі үгіт материалдары;

4) өзге де үгіт материалдары.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәттен бұрын жүгінген басқа кандидатқа белгіленген уақыт берілсе не техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілмесе, телеарна кандидатқа телеарнаның техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт береді.

HD форматы үшін:

- 1) бастапқы өлшем 1920x1080i;
- 2) кодек MPEG2\MPEG4\DV\H.264\AVC ағын жылдамдығы кемінде 15 Мбит/сек, профиль 4:2:0, 25 кадр / сек (50i);
- 3) кадр форматы 16x9;
- 4) MXF (OP-1a)\ AVI\MKV\MP4 контейнері

Дыбыстық сүйемелдеу параметрлері: аудио сүйемелдеу келесі объективті техникалық және субъективті талаптарға сәйкес келуі керек:

- динамикалық диапазон, кемінде 40 Дб;
- жиілік диапазоны, кемінде 20 Гц;
- өзгеріс коэффициенті 1%-дан аспайды;
- дыбыстық сүйемелдеу стерео болуы керек;
- студиялық жазба кезінде сигналдың акустикалық ревербациясы (жаңғырығы) болмауы керек;
- сөзі 100% түсінікті болуы керек;
- жазбада бөгде дыбыстар, шулар, кедергілер естілмеуі тиіс;
- орташа өлшенген деңгей - 18 Дб, интершум - 42 Дб-дан аспауы керек.

Соңғы нұсқадағы дыбыс 1-ші стереоарнаның сол жақ жолына түсіп, оң жақ жолға көшірілуі керек (жалған стерео) 3-4 дыбыстық жолақ үшін ажыратылған дыбыс қажет. Аудиоформат: Wave

Сақтау құралы оптикалық DVD дискі, кез-келген USB флэш-дискісі және/немесе USB қосылымы бар сыртқы қатты диск бола алады, сондай-ақ желілік қызметтерді қоса алғанда.

Үгіт материалдарында оларға төлем жасалғаны, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның аты-жөні туралы дыбыстық немесе көрнекі ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сай болуына жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген талаптар мен тәртіп, сондай-ақ келісім шарт талаптары бұзылған жағдайда, телеарна эфирінде Кандидаттың үгіт материалдары орналастырылымайды немесе тәртіп бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды, қоздыру, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскери құралымдар құру идеялары болса, телеарнаның меншік иесі үгіт материалдарын орналастырудан бас тартады.

Телеарнаның меншік иесі басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартуға құқылы. Кандидат телеарна иесінің

талабы бойынша жоғарыда көрсетілген сипаттағы бейнематериалдардағы ақпаратты растайтын құжаттар ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфир уақытын беру шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетуге болады.

**Үгіт материалдарын орналастыру құны
(мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнероликтер)**

Үгіт материалдары орналастыратын уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 1 минут үшін
06:00-24:00	дүйсенбі-жексенбі	86 000

**Арнайы репортаж түріндегі үгіт материалдарын
(мемлекеттік және орыс тілдерінде) орналастыру құны**

Үгіт материалдары орналастыратын уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 15 минутқа дейін
06:00-24:00	дүйсенбі-жексенбі	500 000

**Динамикалық баннерлер (плашкалар)*
түріндегі үгіт материалдарын (мемлекеттік және орыс тілдеріндегі)
орналастыру құны**


Үгіт материалдары орналастыратын уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 1 күн үшін
06:00-24:00	дүйсенбі-жексенбі	50 000

* Динамикалық баннер (плашка) – графикалық анимациялық сурет (экран ауданының 7,5%), дайын баннердің уақыты – 20 секундтан аспайды.

Орналастыру құны телеарнаны барлық қолжетімді тарату орталарында (эфирлік, аналогтық, эфирлік цифрлық, спутниктік, сондай-ақ, кабельдік операторлар және Интернет желісінде онлайн хабар тарату арқылы) таратуды және қайта таратуды қамтиды.

Телеарнада үгіт материалдарын орналастыру туралы келісім шарт бойынша төлем есеп-шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде телеарна жіберген төлем есеп-шоты негізінде жүзеге асырылады. Төлем тиісті келісім шартта және төлем есеп-шотында көрсетілген телеарнаның банктік деректемелері бойынша жүргізіледі.

**«Almaty» Телерадиокомпаниясы»
АҚ-ның Бас директоры**



Т.Базарбаев